

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі комитетін тарату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 мамырдағы N 467 қаулысы

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық заңы 24-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі комитеті (бұдан әрі - Комитет) таратылсын.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) заңнамада белгіленген тәртіппен Комитетті таратуды жүзеге асырсын, Министрлікке берілетін ұйымдастыру техникасы мен автокөлікті қоспағанда, оның мүлкін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне беруді қамтамасыз етсін, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыру бекітілсін.

4. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасында әскери-техникалық құралдар мен екі рет қолданылатын өнімдерді дайындау, өндіру, жөндеу және қызмет көрсету тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 657 қаулысы ;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20 тамыздағы N 1031 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін 43-тармағының өзгертулері (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж. N 35, 327-құжат);

3) "Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылатын бұйымдарды дайындау, өндіру әрі сату жөніндегі лицензияланатын қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 шілдедегі N 763 қаулысының 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 22, 233-құжат).

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен басып күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 20 мамырдағы
N 467 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыру

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2 . < * >

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.09.18. N 952 қаулысымен .

3. "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 қазандағы N 1587 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 43, 513-құжат): көрсетілген қаулымен бекітілген 2006 жылға дейін жекешелендіруге, оның ішінде жекешелендірудің алдын ала сатыларына жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесінде:

1-тармақтағы "Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетінің," деген сөздер "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің," деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.03.12. N 243 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

5. <*>

6 . < * >

Ескерту. 5,6-тармақтардың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.26. N 1237 қаулысымен.

7 . < * >

Ескерту. 7-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N 614 қаулысымен .